

## Тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт

Шығыс Қазақстан облысы

№64

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын Шығыс Қазақстан облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының "Риддер қалалық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны, Жарғы негізінде әрекет ететін Бас дәрігер Китаппаева Гульнар Социаловна атынан бір тараптан және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталынатын "АЛЪЯНС-ФАРМ" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, жарғы негізінде әрекет ететін Басшысы Журавлев Александр Анатольевич атынан екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) және «2019-01-09» жыл № 2979546-1 «Өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден сатып алу» мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде осы тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты және мына төмендегі туралы келісімге келді:

### 1 Шарттың мәні

1.1 Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша Тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Тауарды қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді.

1.2 Төмендегі санамаланған құжаттар және оларда айтылған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтсақ:

- 1) осы Шарт;
- 2) сатып алынатын тауарлар тізімі (1-қосымша);
- 3) техникалық ерекшелік (2-қосымша).

### 2 Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

2.1 Шарттың жалпы сомасы Шартқа № 1 қосымшада айқындалады және 5 817 112.00 (бес миллион сегіз жүз он жеті мың жүз он екі тенге нөл тиын) ) теңгені құрайды және Тауарлар жеткізумен байланысты барлық шығыстарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтар мен алымдарды, оның ішінде ҚҚС 623 262.00 тенге (алты жүз жиырма үш мың екі жүз алпыс екі тенге нөл тиын) (бұдан әрі - Шарттың сомасы) қамтиды.

2.2 Жеткізілген Тауар үшін төлемді Тапсырыс беруші Тауарларды қабылдап алу-беру актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Өнім берушінің есеп шотына ақшалай қаражат аудару іс жүзінде арқылы жүргізеді

2.3 Сандық және құндық шамадағы жеткізілетін тауар көлемі Шартқа 1-қосымшада келтірілген.

#### 2.4 Төлеу алдындағы қажетті құжаттар

- 1) қол қойылған Шарт;



2) жүкқұжат

3) Тауарларды қабылдап алу-беру актісі (актілері);

4) Қағидаларға 22-4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлардағы жергілікті қамтудың үлесі бойынша есеп (шарттық міндеттемелер толық орындалғаннан кейін ұсынылады);

5) Өнім беруші Тапсырыс берушіге берген, жеткізілген тауарлардың сипаттамасымен, санын, бірлік бағасын және жалпы сомасын көрсете отырып, шот-фактура;

6) Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша тоқсан сайын 31/31/2019 жылға дейін

### **3 Тараптардың міндеттемелері**

3.1 Өнім беруші мыналарға:

1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға тауарлардың сәйкестігін қамтамасыз етуге;

3) Тауарларды түпкілікті арналған пунктіне тасымалдау кезінде олардың бұзылудан немесе бүлінуден сақтай алатын орауышын қамтамасыз етуді. Орауыш қандай да бір шектеусіз қарқынды жүктеу-тасымалдау өңдеуі мен экстремалды температуралардың әсерлерге, тасымалдау кезінде тұздар мен жауын-шашынға, сондай-ақ ашық түрде сақтауға төзе алатын болуы қажет. Оралған жәшіктер габариттері мен олардың салмақтарын айқындау кезінде, Тауарлар тасымалының барлық пункттерінде жеткізудің соңғы пунктінің алыстылығын және қуатты жүккөтергіш құралдарының бар болуын ескеру қажет;

4) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың жағдайларын орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналдан басқа оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және міндеттемелерді орындауға қажетті шамада ұсынылуы тиіс;

5) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда көрсетілген құжаттарды және ақпаратты Шартты жүзеге асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;

6) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;

7) Өнім берушінің Шарттың талаптарын тиісінше орындамауынан және/немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттермен туындаған келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

8) электрондық-цифрлық қолтаңбамен бекітілген тауарларды қабылдау-беру актісін ресімдеуге және Тапсырыс берушіге веб-портал арқылы жіберуге

9) Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру



қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактура жазуға міндеттенеді.

### 3.2 Өнім беруші:

- 1) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша жеткізілген Тауарларға төлем талап етуге;
- 2) Тапсырыс берушімен алдын ала орындау мерзімін келісе отырып, Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуге құқылы.

### 3.3 Тапсырыс беруші:

- 1) Тауар жеткізу үшін Өнім берушінің мамандарының қол жеткізуін қамтамасыз етуге;
- 2) Тауардың сәйкессіздіктері мен кемшіліктері анықталған кезде тез арада Өнім берушіні жазбаша хабарландыруға;
- 3) Тауарды қабылдап алу кезінде веб-портал арқылы Тауарды қабылдап алу-беру актісін бекітуге не Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 426-тармағында белгіленген мерзімде оны қабылдамаудың дәлелді негіздемелерін көрсете отырып қабылдаудан бас тартуға;

3-1) тауарды (тауарларды) қабылдау-беру актісі бекітілгеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда Өнім беруші жазып берген шот-фактураны қабылдауға;

- 4) осы Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде төлем жүргізуге міндеттенеді.

### 3.4 Тапсырыс беруші:

- 1) жеткізілген Тауарлардың сапасын тексеруге;
- 2) Тауар мерзімінен бұрын жеткізілген жағдайда Тапсырыс беруші Тауарды мерзімінен бұрын қабылдауға және ол үшін Шарт талаптарына сәйкес ақы төлеуге құқылы. Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуден бас тартуға оны қабылдау мүмкін болмаған жағдайларда жол беріледі.

## **4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру**

4.1 Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері жеткізілген Тауарлардың техникалық ерекшелікте (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бақылау мен тексеру жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерістер бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы мақсаттар үшін белгіленген өз өкілдері туралы жазбаша түрде уақтылы хабарлауы тиіс.

4.2 Осы Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлар техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс.

4.3 Егер тексеру кезінде жеткізілген Тауарлардың нәтижелері техникалық ерекшеліктің (Шартқа 2-қосымша) талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, техникалық ерекшелік талаптарына



сәйкессіздіктерді жою бойынша шараларды тексеру сәтінен бастап 10 күндізбелік күн ішінде қолданады.

4.4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестілігін тексеру Өнім беруші немесе қосалқы мердігер(лер) аумағында, жеткізу орнында және (немесе) Тауарлардың түпкілікті мақсат пунктіне жүргізілуі мүмкін. Егер олар Өнім беруші немесе оның қосалқы мердігері(лері) аумағында жүргізілетін болса, Тапсырыс беруші инспекторларына, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, сызбалар мен өндірістік ақпараттарға рұқсатты қоса алғанда, барлық қажетті құралдар мен көмек ұсынылатын болады.

4.5 Жоғарыда көрсетілген тармақтың ешқайсысы Өнім берушіні Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

## **5 Тауарларды жеткізу және құжаттама**

5.1 Өнім беруші Тауар арналған пунктте Тапсырыс берушінің өкіліне мынадай құжаттарды ұсынуға міндетті:

1) жүкқұжат түпнұсқасы 2;

2) ақпарат Тауардың өзінде және/немесе орамасында көрсетілген не Тауар сапасы дайындаушы кәсіпорынның мөртаңбасымен немесе белгілерді таратып жаза отырып, басқа белгімен Тауардың өзінде және/немесе оның орамасында расталған жағдайларды қоспағанда, Тауардың жиынтығы, оның техникалық сипаттамасы, пайдалану қағидалары, кепілдігі туралы мәліметтерді және Тауардың сапасын және оның Қазақстан Республикасында танылған нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкестігін айқындау үшін қажетті басқа да мәліметтерді қамтитын дайындаушы зауыт (жөнелтуші) берген зауыттың сапа сертификатының және/немесе Тауардың техникалық паспортының түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері

3) сәйкестігін міндетті түрде растауға жатпайтын Тауарларды қоспағанда, өнім беруші растаған Тауардың сәйкестігін бағалау туралы құжаттың (сәйкестік сертификаты / сәйкестігі туралы декларация / мемлекеттік тіркеу туралы куәлік) көшірмесі

4) Дайындаушының немесе Жеткізушінің (қажет болған кезде) кепілдік (міндеттеме) сертификаты

5) Егер Тауар Қазақстанда шығарылған жағдайда, онда белгіленген үлгіде түпнұсқа немесе көшірме не уәкілетті ұйым бекіткен «СТ-KZ» тауардың шығарылуы туралы сертификат немесе Сәйкестік сертификаты / белгіленген тәртіпте берілген Тауар сәйкестігі туралы декларация беріледі. Егер Тауар шетелде шығарылған болса, онда түпнұсқасы немесе белгіленген тәртіпте шығарылған елінің тиісті органы берген Тауардың шығуы туралы тиісті сертификаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі беріледі. Осы тармақшаның талаптары мемлекеттік сатып алу туралы шарттарға таратылады, оның құны республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген бесжүз айлық есептік көрсеткіштен асады.

5.2 емесе бүлінуі тәуекелін қоса алғанда, онымен байланысты барлық тәуекелдер Тараптар Тауарды қабылдап алу-беру актісіне қол қойған сәттен бастап Тапсырыс берушіге ауысады. Осы сәттен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Өнім беруші Тапсырыс берушіден Тауарды қабылдау кезінде анықтау мүмкін болмаған Тауардың ақаулықтарына байланысты кінәраттарды қабылдайды.



5.3 Жеткізу Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тауарды техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте толық беру шартында жасалды деп есептеледі.

5.4 Осы Шарттың 5.3-тармағының талаптары сақталған кезде Тауарды жеткізу/беру күні деп өнім берушінің веб-портал арқылы тапсырыс берушіге тауарды қабылдап алу-беру актісін жіберген күні есептеледі.

## **6 Кепілдік. Сапа**

6.1 Өнім беруші осы Шарт шеңберінде жеткізілетін Тауардың:

1) сапалы және нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес келетініне (МЕМСТ, СТ, ЖСТ, ТУ, техникалық регламент және т.б.);

2) жаңа, пайдаланылмаған, зауыт орамасында, материалы мен орындауында ешқандай ақаулықтары жоқ екендігіне;

3) өнеркәсіптік және (немесе) басқа зияткерлік меншікке негізделген үшінші тұлғаның кез келген құқықтары мен талаптарынан бос екеніне кепілдік береді.

6.2 Тауардың сатып алынатын тауарлар тізбесіне және осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген техникалық ерекшелікке сәйкес толық жеткізілмегені анықталған немесе жеткізілген Тауарда ораманы ашу кезінде жасырын қандай да бір зауыт ақаулары анықталған жағдайда немесе егер Тауар сапасы техникалық дайындау талаптарына толық сәйкес келмесе, Тапсырыс беруші жиырма күндік мерзімде жарнамалық акті жасайды, ал Өнім беруші 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде өз есебінен Тауарды жаңасына ауыстырады.

6.3 Жеткізілетін Тауардың кепілді кезең Тауар Тапсырыс берушінің қоймасына түскен күннен бастап кепілдік мерзімі күнтізбелік ай деп белгіленеді. Ауыстырылған немесе жөнделген Тауар үшін кепілдік мерзімі жаңа Тауарға ауыстырылған сәттен бастап басталады. Тауар ақауларын жою, ауыстыру бойынша, оның ішінде кедендік тазалауға байланысты барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Егер туындаған ақауларды жоюда іркіліс Өнім берушінің кінәсінен болған жағдайда кепілдік беру мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылатын болады.

## **7 Тараптардың жауапкершілігі**

7.1 Тараптар осы Шарт шеңберіндегі өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.2 Секвестр және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотында/мемлекеттік кәсіпорындардың, дауыс беретін акцияларының елу және одан астам проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың есеп шотында ақша жетіспеген жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиесілі қаражатты Шартта көрсетілген мерзімдерде төлемесе, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1 % (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.3 Тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады)



не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.4 Өнім беруші Тауарды жеткізуден бас тартқан немесе Шарт бойынша Тауар жеткізу мерзімі өткен күннен бастап, бірақ Шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, бір айдан аса мерзімге Тауар жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, бір жақты тәртіпте осы Шартты бұзуға құқылы.

7.5 Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.6 Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге Шарт бойынша Тауар жеткізу үшін қажетті құнның немесе мерзімдердің азаюына әкелетін болса, Шарт сомасы немесе Тауар жеткізу кестесі, немесе екеуі де тиісінше түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Өнім берушінің түзету жүргізуге барлық сұрау салулары Өнім беруші Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкім алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде ұсынуға тиіс.

7.7 Өнім беруші толығымен де, ішінара да біреуге осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бермеуі тиіс.

## **8 Шарттың қолданыс мерзімі және бұзу талаптары**

8.1 Шарт қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2019-12-31 дейін қолданылады.

8.2 Егер Өнім беруші банкрот немесе төлеуге қабілетсіз болса, Тапсырыс беруші кез келген уақытта Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жіберіп біржақты тәртіпте Шарт талаптарын орындаудан бас тарта алады. Бұл жағдайда Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту тез арада жүзеге асырылады, және Тапсырыс беруші егер Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту ешқандай залал келтірмейтін немесе салдарынан Тапсырыс берушіге қойылған немесе қойылатын қандай да бір әрекеттерді жасауға немесе санкцияларды қолдануға құқықтарды қозғамайтын шартта Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндет көтермейді.

8.3 Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір санкцияларға зиян келтірместен Тапсырыс беруші осы Шарттың 7.4-тармағының талаптарын ескере отырып, Өнім берушіге міндеттемелерін орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жіберіп

1) егер Өнім беруші Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шарттың ұзартылған кезеңі ішінде тауар жеткізе алмаса;

2) егер Өнім беруші өз міндеттемелерін орындай алмаса, осы Шартты толық немесе ішінара бұза алады.

8.4 Шарт мынадай фактілердің бірі анықталған жағдайда кез келген кезеңде оның бұзылуы туралы талапты қамтуы тиіс:

1) оның негізінде осы Шарт жасалған сатып алуға қатысты Заңның 6-бабында көзделген шектеулердің бұзылуының анықталуы;



2) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы Өнім берушіге Заңда көзделмеген қолдауды көрсету;

3) уәкілетті орган міндеттемелері тиісінше орындалған шарттарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасы бұзыла отырып Шарт жасасу фактісінің анықтауы;

4) шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін қызмет көрсетілген жағдайды қоспағанда, шарттың орындалуын қамтамасыз етуді және (немесе) Заңның 26-бабына сәйкес сомаларды енгізбеу арқылы Шарт жасасудан жалтару.

8.5 Шартты одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда оны тараптардың келісімі бойынша бұзуға болады.

Шарт жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты жойылған кезде Өнім беруші Шарт бойынша бұзылуға байланысты бұзылған күнге іс жүзіндегі шығындар үшін ақы талап етуге құқылы болады.

## **9 Хабарлама**

9.1 Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама төленген тапсырыс хатпен немесе телеграмма, телекс, телефакс не веб-портал арқылы жіберіледі.

9.2 Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне ену күні (егер хабарламада көрсетілсе), осы екі күннің қайсысы кеш келетініне байланысты күшіне енеді.

## **10 Форс-мажор**

10.1 Егер Шарт талаптарының орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Тараптар оның толық немесе ішінара орындалмауы үшін жауапкершілік көтермейді.

10.2 Егер Шартты орындауды кешіктіру форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Өнім беруші Шарт талаптарының орындалмауына байланысты тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе оны бұзуға жауапты болмайды.

10.3 Шарт мақсаттары үшін «форс-мажор» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар мыналарды қамти алады, бірақ тек олар ғана емес: соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар және басқалар.

10.4 Форс-мажорлық жағдаяттар туындаған кезде Өнім беруші тез арада Тапсырыс берушіге осындай жағдаяттар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Егер Тапсырыс берушіден басқа жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдаяттарға байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздейді.

## **11 Даулы мәселелерді шешу**

11.1 Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктер немесе даулар тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

11.2 Егер осындай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауларды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының



заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

## 12 Өзге де шарттар

12.1 Салықтар мен бюджетке басқа міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

12.2 Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасасу нысаны сияқты нысанда жасалады.

12.3 . Өнім берушінің таңдауы үшін негіз болған сапаның өзгермеуі шарты мен басқа да шарттарда жасалған Шартқа өзгерістерді енгізуге:

1) Шартта жеткізілген Тауарлардың бірлігі үшін бағаның өзгермеуі шартында жеткізілетін Тауарлар көлемінде қажеттіліктің азаюымен не ұлғаюымен байланысты Шарт сомасының азаюы не ұлғаюы бөлігінде;

2) егер Өнім беруші онымен жасасқан Шартты орындау үдерісінде тауар бірлігі үшін бағаның өзгермеуі шартында онымен жасасқан Шарттың мәні болып табылған жеткізілетін тауардың анағұрлым жақсы сапалы және (немесе) техникалық сипаттамасын не мерзімін және (немесе) талаптарын ұсынған жағдайда

3) Тауарлардың бағасын және тиісінше Шарт сомасының азаюы бөлігінде Тараптардың өзара келісімі бойынша;

4) егер Өнім беруші жеткізілетін тауардың өндірушісі болып табылған жағдайда Тауар жеткізу туралы шарттың орындалу мерзімі өзгерген бөлігінде рұқсат беріледі.

12.4 Тараптардың біреуінің Шарт бойынша міндеттерін беруіне тек екінші Тараптың жазбаша келісімімен жол беріледі.

12.5 Шарт веб-портал арқылы жасалған бірдей заңды күшіне ие қазақ және орыс тілінде жасалды.

12.6 Шартта реттелмеген бөлікте Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

## 13 Реквизиттер

Тапсырыс беруші:

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігі  
денсаулық сақтау басқармасының "Риддер  
қалалық ауруханасы" шаруашылық  
жүргізу құқығындағы коммуналдық  
мемлекеттік кәсіпорны  
Восточно-Казахстанская область,  
г.Риддер, Тохтарова, 4 А  
БСН 990440001750  
БСК EURIKZKA  
ЖСК KZ2194809KZT22030770  
"Еуразиялық Банк" АҚ  
Тел.: 8(72336)44605  
Бас дәрігер Китаппаева Гульнар  
Социаловна

Өнім беруші:

"АЛЪЯНС-ФАРМ" Жауапкершілігі  
шектеулі серіктестігі  
Восточно-Казахстанская область, г.Усть-  
Каменогорск, Серикбаева, 27  
БСН/ЖСН 930340000390  
БСК ALFAKZKA  
ЖСК KZ749470398990132992  
"Альфа-Банк" Еншілес банкі" АҚ  
Тел.: 8-7232-49-29-69  
Басшысы Журавлев Александр  
Анатольевич



Абревиатураларды таратып жазу:  
БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;  
БСК - банктік сәйкестендіру коды;  
ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;  
ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;  
ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;  
ТЕН - төлеушіні есепке алу нөмірі;  
ҚҚС - қосылған құн салығы;  
Т.А.Ә. - тегі аты әкесінің аты



## Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Электрондық конкурстың №: 2979546-1

Электрондық конкурстың атауы: Объявление о государственных закупках

Лоттың №	Тапсырыс беруші атауы	Атауы	Қысқа сипаттама	Қосымша сипаттама	Өлшем бірлік	Саны, көлемі	Бірлік бағасы, соның ішінде ҚҚС, тенге	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Жеткізу орындар	Аванс төлемінің мөлшері %, %	Жалпы сома, соның ішінде ҚҚС, тенге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13



22428743-ОИ2	Шығыс Қазақстан облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының "Риддер қалалық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	Ұн	соялық, майсыз	Құрамында фенилаланин аз өнім бидай талшықтары, 500 гр орау. Энергетикалық құндылығы құрамында фенилаланин аз өнім қоспасы (ұн алмастырғыш) "Лопрофин" Энергия кДж (Ккал) 1507/365, клетчатка, г 3,1, көмірсулар, г 87,4, оның ішінде қант, г 5,1, майлар, г 0,42 оның ішінде қаныққан, г 0,23, ақуыздар, г 0,31	Бума	70	13 440.00	келісімшартқа қол қойылғаннан кейін 15 күн ішінде тапсырыс берушінің тоқсан сайынғы өтініші бойынша 31/12/2019 дейін	келісімшартқа қол қойылғаннан кейін 15 күн ішінде тапсырыс берушінің тоқсан сайынғы өтініші бойынша 31/12/2019 дейін	Шығыс Қазақстан облысы, Риддер қ. ВКО город Риддер ул. Тохтарова 4А (70)	0	940 800.00
--------------	---	----	----------------	--	------	----	--------------	--	--	--	---	---------------



22372235-ОИ2	Шығыс Қазақстан облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының "Риддер қалалық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	Жарма таяқшалары	бидайлы	Фенилаланин бидай талшығының аз мөлшері бар өнім, 350 грамм. КДж / ккал 39/9 энергиясы, ақуыз, оның ішінде 0,4, фенилаланин <10, тирозин <10, лизин <10, метионин <10, лейцин <10, изолезин <10, валин <10, треонин <10, көмірсулар <0,1, май 0,2, қаныққан май қышқылдары <0,1, диеталық талшық 97, натрий 73, калий 6, хлоридтер <0,05, фосфаттар 9.	Бума	12	16 296.00	келісімшартқа қол қойылғаннан кейін 15 күн ішінде тапсырыс берушінің тоқсан сайынғы өтініші бойынша 31/12/2019 дейін	келісімшартқа қол қойылғаннан кейін 15 күн ішінде тапсырыс берушінің тоқсан сайынғы өтініші бойынша 31/12/2019 дейін	Шығыс Қазақстан облысы, Риддер қ. ВКО город Риддер ул. Тохтарова 4А (12)	0	195 552.00
22367697-ОИ2	Шығыс Қазақстан облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының "Риддер қалалық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	Жұмыртқа	тауықтың, емдәмдік, жоғарғы санатты	Фенилаланиннің жұмыртқаны алмастырғыш құрамында аз өнім, 400 гр. Энергетикалық құндылығы 1980/472, оның ішінде <0.2, фенилаланин 11, тирозин 8, лизин 10, метионин 6, лейцин 20, изолезин 13, валин 20, треонин 9, көмірсулар 70,3, майлар 21,1.	Бума	21	17 920.00	келісімшартқа қол қойылғаннан кейін 15 күн ішінде тапсырыс берушінің тоқсан сайынғы өтініші бойынша 31/12/2019 дейін	келісімшартқа қол қойылғаннан кейін 15 күн ішінде тапсырыс берушінің тоқсан сайынғы өтініші бойынша 31/12/2019 дейін	Шығыс Қазақстан облысы, Риддер қ. ВКО город Риддер ул. Тохтарова 4А (21)	0	376 320.00



22371216-ОИ2	Шығыс Қазақстан облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының "Риддер қалалық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	Қозы еті	балғын, тұтас ет, I санат	Фенилаланинді ет алмастырғышының құрамында аз өнім, 350 грамм. В 100 г: қуаттылығы 1504 кДж, 358 ккал, майлар 6,1 г, диеталық талшықтар 17 г, ақуыз 1,0 г, фенилаланин 37 мг, тирозин 26 мг, лейцин 55 мг, 0,5 г натрий, 156 мг калий, фосфор 43 мг.	Бума	20	16 016.00	келісімшартқа қол қойылғаннан кейін 15 күн ішінде тапсырыс берушінің тоқсан сайынғы өтініші бойынша 31/12/2019 дейін	келісімшартқа қол қойылғаннан кейін 15 күн ішінде тапсырыс берушінің тоқсан сайынғы өтініші бойынша 31/12/2019 дейін	Шығыс Қазақстан облысы, Риддер қ. ВКО город Риддер ул. Тохтарова 4А (20)	0	320 320.00
22367937-ОИ2	Шығыс Қазақстан облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының "Риддер қалалық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	Кептірілген нандар	үн өнімдерінен, кептірілген	150 литрлік фенилаланин крекерлері (крекер) құрамында аз өнім бар. Энергетикалық құндылығы 1780 кДж / 423 ккал, 10 г май, оның ішінде қаныққан май қышқылдары 5.9 г, көмірсулар 79 г, оның ішінде қант 3.1 г, диеталық талшық 6,7 г, оның ішінде белок 0,8 грамм, соның ішінде фениланин 32 мг, оның ішінде тирозин 21 мг, оның ішінде феоелетин 42 мг, тұз 0,43 г, натрий 0,17 мг, калий 63 мг, 38 мг фосфор.	Бума	55	10 248.00	келісімшартқа қол қойылғаннан кейін 15 күн ішінде тапсырыс берушінің тоқсан сайынғы өтініші бойынша 31/12/2019 дейін	келісімшартқа қол қойылғаннан кейін 15 күн ішінде тапсырыс берушінің тоқсан сайынғы өтініші бойынша 31/12/2019 дейін	Шығыс Қазақстан облысы, Риддер қ. ВКО город Риддер ул. Тохтарова 4А (55)	0	563 640.00



22370185-ОИ2	Шығыс Қазақстан облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының "Риддер қалалық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	Піспенан	крем қоспаларымен	Шоколадты чипсами бар фенилаланинді печенье печеньесі аз өнімі бар өнім 200 гр. В 100 г: қуаттылығы 1986 кДж, 472 ккал, май 16 г, диеталық талшық, 0,9 г, белок 0,6 г, фенилаланин 29 мг, тирозин 16 мг, лейцин 40 мг, тұз 0,09 г, натрий 0,04 г, калий 57 мг, фосфор 42 мг.	Бума	55	8 680.00	келісімшартқа қол қойылғаннан кейін 15 күн ішінде тапсырыс берушінің тоқсан сайынғы өтініші бойынша 31/12/2019 дейін	келісімшартқа қол қойылғаннан кейін 15 күн ішінде тапсырыс берушінің тоқсан сайынғы өтініші бойынша 31/12/2019 дейін	Шығыс Қазақстан облысы, Риддер қ. ВКО город Риддер ул. Тохтарова 4А (55)	0	477 400.00
22368086-ОИ2	Шығыс Қазақстан облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының "Риддер қалалық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	Күріш	тазартылған, ұзын дөңді, жылтыратылған	Фенилаланиннің құрамында аз өнім, күріш қаптамасы 400 г. Энергетикалық құндылығы 1452 кДж, май 1,3 г, оның ішінде қаныққан май қышқылдары 0,6 г, көмірсулар 79 г, диеталық талшық 6,6 г, оның ішінде белок 0,5 г, фениланин 25 мг, оның ішінде тирозин 19 мг, оның ішінде 40 мг лизитин, тұз 0,05 г, натрий 20 мг, калий 6 мг, фосфор 18 мг.	Бума	55	14 840.00	келісімшартқа қол қойылғаннан кейін 15 күн ішінде тапсырыс берушінің тоқсан сайынғы өтініші бойынша 31/12/2019 дейін	келісімшартқа қол қойылғаннан кейін 15 күн ішінде тапсырыс берушінің тоқсан сайынғы өтініші бойынша 31/12/2019 дейін	Шығыс Қазақстан облысы, Риддер қ. ВКО город Риддер ул. Тохтарова 4А (55)	0	816 200.00



22371787-ОИ2	Шығыс Қазақстан облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының "Риддер қалалық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	Картоп	балғын, азық-түліктік	Фенилаланин пюресі картоптың аз мөлшері бар өнім 400 грамм. Энергетикалық құндылығы 1547 кДж / 364 ккал, ақуыз 4.1 г, фенилаланин 200 мг, тирозин 240 мг, лизин 330 мг, метион 35 мг, лейцин 280 мг, изолезин 160 мг, валин 230 мг, треонин 170 мг, көмірсу 85 , 8 г, майлар <1 гр.	Бума	10	22 400.00	келісімшартқа қол қойылғаннан кейін 15 күн ішінде тапсырыс берушінің тоқсан сайынғы өтініші бойынша 31/12/2019 дейін	келісімшартқа қол қойылғаннан кейін 15 күн ішінде тапсырыс берушінің тоқсан сайынғы өтініші бойынша 31/12/2019 дейін	Шығыс Қазақстан облысы, Риддер қ. ВКО город Риддер ул. Тохтарова 4А (10)	0	224 000.00
--------------	---	--------	-----------------------	---	------	----	--------------	--	--	--	---	---------------



22368461-ОИ2	Шығыс Қазақстан облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының "Риддер қалалық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	Тәтті нан	бисквитті	Құлпынай құйылған фенилаланин сорғыш тортының аз мөлшері бар өнім, 125 гр. 1781 кДж энергетикалық мәні, май 14 грамм, қаныққан май қышқылдары 7,0 грамды қоса алғанда, 72 грамм көмірсу, оның ішінде қант 3,6 грамм, диеталық талшықтар 0,6 грамм, оның ішінде ақуыз 0,7 грамм, оның ішінде тирозинді қоса алғанда 16 мг фенаналин, оның ішінде 26 литатин, тұз 0,33 г, калий 69 мг, фосфор 55 мг.	Бума	50	9 184.00	келісімшартқа қол қойылғаннан кейін 15 күн ішінде тапсырыс берушінің тоқсан сайынғы өтініші бойынша 31/12/2019 дейін	келісімшартқа қол қойылғаннан кейін 15 күн ішінде тапсырыс берушінің тоқсан сайынғы өтініші бойынша 31/12/2019 дейін	Шығыс Қазақстан облысы, Риддер қ. ВКО город Риддер ул. Тохтарова 4А (50)	0	459 200.00
--------------	---	-----------	-----------	--	------	----	----------	--	--	--	---	------------



22369349-ОИ2	Шығыс Қазақстан облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының "Риддер қалалық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	Қоспа	жұқа құймақтарды, құймақтарды пісіруге арналған	Төмен ақуызды пісіруді араластыру, орау 700 гр. Жүгері крахмалы, пектин, гуар гумы, лимон қышқылы, сода, көкөніс лецитині. Өнімнің 100 граммдық тағамдық құндылығы: белок 0,5 грамм, майлар 0,6 грамм, көмірсу 83 грамм, қуат мәні 343 ккал.	Бума	30	10 752.00	келісімшартқа қол қойылғаннан кейін 15 күн ішінде тапсырыс берушінің тоқсан сайынғы өтініші бойынша 31/12/2019 дейін	келісімшартқа қол қойылғаннан кейін 15 күн ішінде тапсырыс берушінің тоқсан сайынғы өтініші бойынша 31/12/2019 дейін	Шығыс Қазақстан облысы, Риддер қ. ВКО город Риддер ул. Тохтарова 4А (30)	0	322 560.00
22368794-ОИ2	Шығыс Қазақстан облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының "Риддер қалалық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	Кілегей	майлылығы 1,5% артық, құрғақ	Төменгі белок кремi, хош иiстендiрiлген, орау 200 гр. Құрғақ глюкоза сироптары, өсiмдiк майлары, Е340, Е341, Е452 сүт құрастырғыштар, Е471 эмульгаторлары, Е472. 2 грамм ақуыз, 35 грамм май, 58 грамм көмірсу, 555 ккал калория.	Бума	455	2 464.00	келісімшартқа қол қойылғаннан кейін 15 күн ішінде тапсырыс берушінің тоқсан сайынғы өтініші бойынша 31/12/2019 дейін	келісімшартқа қол қойылғаннан кейін 15 күн ішінде тапсырыс берушінің тоқсан сайынғы өтініші бойынша 31/12/2019 дейін	Шығыс Қазақстан облысы, Риддер қ. ВКО город Риддер ул. Тохтарова 4А (455)	0	1 121 120.00



## Договор о государственных закупках товаров

Восточно-Казахстанская область

№64

Коммунальное государственное предприятие на праве хозяйственного ведения "Риддерская городская больница" управления здравоохранения Восточно-Казахстанского областного акимата, именуемый (ое)(ая) в дальнейшем «Заказчик», от лица которого выступает Главный врач Китаппаева Гульнар Социаловна, действующий на основании Устава, с одной стороны и Товарищество с ограниченной ответственностью "АЛЪЯНС-ФАРМ", именуемый(ое)(ая) в дальнейшем «Поставщик», от лица которого выступает Генеральный директор Журавлев Александр Анатольевич, действующий на основании Устав, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», на основании Закона Республики Казахстан от 4 декабря 2015 года «О государственных закупках» (далее - Закон) и итогов государственных закупок способом «Из одного источника по несостоявшимся закупкам» от 2019-01-09 года № 2979546-1, заключили настоящий договор о государственных закупках товаров (далее - Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем:

### 1 Предмет договора

1.1 Поставщик обязуется поставить Товар согласно условиям, требованиям и по ценам, указанным в приложениях к настоящему Договору, являющихся неотъемлемой его частью, а Заказчик обязуется принять Товар и оплатить за него на условиях настоящего Договора при условии надлежащего исполнения Поставщиком своих обязательств по Договору.

1.2 Перечисленные ниже документы и условия, оговоренные в них, образуют данный Договор и считаются его неотъемлемой частью, а именно:

- 1) настоящий Договор;
- 2) перечень закупаемых товаров (Приложение 1);
- 3) техническая спецификация (Приложение 2).

### 2 Сумма Договора и условия оплаты

2.1 Общая сумма Договора определяется Приложением № 1 к Договору и составляет 5 817 112.00 (пять миллионов восемьсот семнадцать тысяч сто двенадцать тенге ноль тиын) тенге и включает все расходы, связанные с поставкой Товаров, а также все налоги и сборы, предусмотренные законодательством Республики Казахстан, в том числе НДС 623 262.00 тенге (шестьсот двадцать три тысячи двести шестьдесят два тенге ноль тиын) (далее - сумма Договора).

